Жалпы білім беретін №28 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022 – 2023 оқу жылын 23 сынып комплектісімен бастады. 1-11 сынып аралығында 22 сынып комплектісі бар. 2022 жылдың қыркүйек айында 1-11 сыныпта 350 оқушы, МАД сыныбында 29 оқушымен басталса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 1-11 сыныпта 345 оқушы, МАД сыныбында 27 оқушымен аяқтады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген Атырау облысының білім басқармасының 2019 жылғы 30 шілде №264 бұйрығы негізінде туралы бұйрығын іске асыру мақсатында тәрбие жұмысының жылдық жоспары 2022-2023 оқу жылының әдістемелік нұсқау хаттын негізге ала отырып құрылып, сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді. Сынып жетекшілер де тұжырымдаманың

8 бағыты бойынша жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізіліп отырды.

Жылдық жоспар бойынша айлық, апталық жоспар жасақталып, жоспар бойынша шаралар өткізіліп отырылады. Жоспарға сәйкес ата-аналар жиналысының тақырыптары қойылып, уақытылы өткізіліп, хаттамасы жазылды. 8 бағыт бойынша өтілетін шаралар сынып жетекшілермен бірлесіп өткізіліп тұрады. Тәрбие бағыты бойынша ішкі, сыртқы және бірлескен ұйымдармен бірлескен мектепшілік бұйрықтары шығып, іс-шара жоспары жасақталып, мамандармен бірлескен шаралар өткізіліп отырады.

Сынып жетекшілер мектеп педагог-психологы және әлеуметтік педагогтармен бірлесіп оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтап, диагностикалық жұмыстарын жүргізді. Оқушылардың сабаққа қатысын мектеп тәлімгері күнделікті кезекші сыныптарды тексеріп, тексеру журналына тіркеп, қалалық білім бөліміне айына бір рет охват тапсырылып отырылды. 1 ж.ж қорытындысы бойынша сынып жетекшілердің тәрбие бағытындағы құжаттары тексеріліп, анықтамасы жазылды. Тексеру барысында жоспарға сәйкес сынып сағаттары уақыты өткізілген. Атан-анамен, ұлдар, қыздар жұмыстары жасақталған.

1 қыркүйек Білім күніне орай 1-11 сыныптарға арналған салтанатты мерекелік шара. 1-11 сыныптарға «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Мектеп бойынша қадағалауды қажет ететін және дін жолында жүрген оқушыларды анықтап, тізімі жасақталды.

2022 жылдың 7 қыркүйек күні Жалпы білім беретін №28 орта мектебінде "Адалдыққа үндеген поэзия падишасы Фариза" тақырыбында республикалық «Адалдық сағаты» бірыңғай сабағы өткізілді. Бейнероликте поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың еңбектері арқылы адалдық пен имандылық, ізеттілік пен парасаттылық сынды адам бойындағы ең асыл қасиеттерді оқушы бойына қалыптастыруға шақыра отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресте бүкіл қоғамның белсене ат салысып, жемқорлық жағдайларына төзбеушілік қоғам қалыптастырудың маңыздылығы көрсетілді.

2022 жылдың 5-12 қыркүйек аралығында тілдер мерекесіне орай 6 қыркүйек күні орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестігі және ағылшын тілі пән бірлестіктерінің ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушылары арасында «Полиглот» сайысы, 7 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиет пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Тіл қазынасы-ұрпақ болашағы» тақырыбында танымдық сайыс, 10-сыныптар арасында «Тіл тағылымы» тақырыбында эссе өткізілді.

Отбасы күніне орай жоспар жасақталып, 1-11 сыныптар арасында іс-шаралар өткізілді. 2022 жылдың 14 қыркүйек күні Отбасы мерекесіне орай, 6-сынып оқушылары арасында “Бір отбасы-бір кітап” тақырыбында кітап оқу сайысы өткізілді.

2022 жылдың 15 қыркүйек күні Отбасы мерекесіне орай өткізілетін іс-шара жоспары негізінде және қыз балалармен жұмыс мақсатында "Қызым үйде-кылығы түзде" тақырыбында анасы мен қызы арасында дөңгелек үстел өткізілді.

2022 жылдың 16 қыркүйек күні мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртіпіндегі мәселе: “Бақытты отбасы-зорлық-зомбылықсыз қоғам” тақырыбы бойынша КПБ ЖПКБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты М. Қуанышева баяндама оқып, ата-аналарға жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбында түсініктеме бере отырып, балалары ондай жағымсыз ситуацияға тап болған жағдайда шығу жолдарын түсіндіріп, сондай-ақ зорлық-зомбылық үшін заң алдында қатаң жауапқа тартылатындығы жөнінде айтып өтті.

2022 жылдың 19 қыркүйек күні отбасы мерекесіне орай “Мен және менің отбасым” тақырыбында отбасылар арасында спорттық "Толағай" сайысы өткізіліп, қатысқан отбасылар арнайы дипломдармен және медальдармен марапатталды.

24 қыркүйек күні “Таза аула” акциясы бойынша қалалық сенбілікке қатысып, экологиялық мәдениетті сақтай отырып, мектеп аумағына тазалық жұмыстарын жүргізді

Оқушылардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында үзілісте оқушыларға құндылықтар туралы бейнефильмдер, спорттық ойындар және логикалық тапсырмалар беріп, оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке шақырды.

Мектепте дебат үйірмесі жұмыс атқарады. Жетекшісі Данагүл. 2022 жылдың 21 қыркүйек күні Отбасы мерекесіне орай 8-сыныптар арасында “Жеті атаға толмай қыз алыспау” тақырыбында дебат өткізілді.

22 қыркүйек күні Отбасы мерекесіне орай “Әжелер-көңілдің ажары, Немере-өмірдің базары” тақырыбында жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, әже тәрбиесін үлгі ету мақсатында мектеп алды даярлық, 1-2 сынып оқушылары мен әжелері арасында сайыс өткізілді

Мектепшілік «Жас сарбаз» ӘПК Жас Батыр» клубы жұмыс жасайды. Жетекшісі Махмуд Заңғар. Клуб жоспарын жасақтап, клубқа оқушылар қабылдап жұмыстар атқаруда.

Мектеп тыс үйірме, секцияларға қатысатын оқушыларды анықтап, тізімі жасакталды.

Жоғары сынып оқушылары Ұстаздар күні мерекесіне арнап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында, ұстаздарды мерекесімен құттықтап, «Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» атты мерекелік концерт қойды. Сонымен қатар Ұстаздар мерекесіне орай қалалық, мектепшілік бұйрықтарды басшылыққа ала отырып, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мектеп парламенті, өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 5 қазан «Дублер күні» өткізілді.

2022 жылдың 07 қазан күні “Дін-тәрбиенің рухани тірегі” тақырыбында Ақпараттық-талдау орталығы бөлім басшысы Тахауов Даурен Асанович және “Шапағат” қоғамдық қорының теолог маманы Орынғалиев Ринат Сембаевичпен деструктивті діни ағымның алдын алу, заңдылықтарын түсіндіру мақсатында 6-8 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

25 қазан Республика күніне орай 19 қазан күні 5-6 сынып отбасылары арасында "Қызық екен" тақырыбында интеллектуалды отбасылық сайыс; 7-8 сынып оқушылары арасында “Менің елім-кең байтақ жерім” тақырыбында білгілер сайысы өткізілді.

Республика күнін мерекелеу аясында 2022 жылдың 17 қазан күні “Жас Сарбаз” әскери-патриоттық клубы оқушыларының арасында “Менің арманымдағы Қазақстан” тақырыбында эссе байқауы; 21 қазан күні 9-10 сынып оқушылары арасында “XXI ғасыр көшбасшысы” интеллектуалды сайысы өткізілді.

2022 жылдың 19 қазан күні 1-4 сыныптарға, 20 қазан күні 5-11 сыныптарға “Бала тәрбиесіне байыппен қарайық” тақырыбында бірыңғай жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста Атырау қалалық жергілікті полиция қызметтік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары және №1 қалалық емхана дәрігері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

25-қазан Республика күніне орай оқушылар арасында “Патриотизм даусы” республикалық жаппай гимн орындау өткізілді.

21 қазан күні 1-11 сынып оқушыларына “Қазақстан - туған жерім, туған елім” тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

25 қазан Республика күніне орай 2022 жылдың 22 қазан күні 1-4 сынып оқушылары “Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем!” тақырыбында мерекелік шара өткізді.

Оқуға құштар» жобасы негізінде жоспар жасақталып, жоспар бойынша 27 қазан күні кітапханаға түскен жаңа кітаптар туралы ақпарат беру, ақпараттық библиографиялық шолулар жасау мақсатында мектеп кітапханашысы С.Журалиевамен бірлесіп Ақпарат күні өткізілді. Атаулы шараға 1-11 сынып оқушылары қамтылды.

28 қазан күні күзгі қауіпсіздік, өрт және су қауіпсіздігін түсіндіру мақсатында Атырау қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының инженер маманы В.Көшкенова, аға анықтаушы Н.Хаберов және жедел құтқару жасағының мамандары Н.Джумағазиев, Б.Абугалиев, Н.Мұғаздың қатуысымен оқушыларға түсіндірме жұмыстардың негізінде дәріс сабақтары өткізілді. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіре отырып, құтқарушы құрал-жабдықтарды тәжірибе жүзінде көрсетті.

2022 жылдың 03 қараша күні сынып жетекшілермен бірге тәрбие жұмысындағы кейбір проблемаларды шешу жолдарын қарастыру арқылы сынып жетекшілерге алдын алу бағытында бағыт-бағдар беру мақсатында 1-11 сынып жетекшілеріне "Сынып жетекші-тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

7-17 қараша аралығында облыстық "Рух сәруарлары" жобасы аясында "Тәрбие тамыршысы" тақырыбында өткізілетін сынып жетекшілер онкүндігін ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары негізінде 07 қараша Ұлттық құндылықтар күніне орай 1-11 сыныптар арасында қазақтың үлкенге амандасу дәстүрі бойынша сәлемдесу сәттерін ұйымдастырды.

2022 жылдың 16 қараша күні күз мерекесіне орай 1-4 сынып аралығында , 17 қараша күні күз мерекесіне орай 5-8 сынып аралығында "Армысың, Алтын күз-2022" байқауы және 9-10 сынып оқушылары арасында «Күзгі балл» ұйымдастырылды.

2022 жылдың 17 қараша күні I кезең бойынша, 18 қараша күні II кезең бойынша "Бақытты бала - бақытты ана - бақытты ел" тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

1 желтоқсан күні I желтоқсан - АИТВ/ЖИТС-пен күрес күніне орай және зиянды әдеттердің алдын алу , оқушыларға ХХІ ғасырдың індетіне айналған ЖИТС, оның қалай жұғатыны, одан қалай сақтану керектігі туралы түсінік беру; темекі, арақ, нашалардың зияны, өмірге қауіпті, тіпті ұрпақтарына қауіп-қатер екенін айту; жаман әдеттен өзін аулақ ұстайтын, болашақтың тірегі болатын дені сау азамат тәрбиелеу мақсатында "Денсаулық - өмір негізі" тақырыбында ЖИТС орталығының маманы Баймуханова Мереке және Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығының маманы врач нарколог-психиатр Есенгельдин Темірдің қатысуымен оқушыларға түсіндірме жұмыстардың негізінде дәріс сабақтары өткізілді.

Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларына Қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы Хиуаз Доспановаға арналған "Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран" атты "Адалдық сағаты" бейне-дәрісі көрсетілді.

Атырау қалалық білім бөлімінің 2022 жылғы 02 желтоқсандағы №06-02-11-05/3734 санды хаты негізінде, Жалпы білім беретін №28 орта мектебінде кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың, зиянды әдеттердің, темекі тартудың алдын алу мақсатында өткізілген тәрбиелік шаралар туралы мәлімдеме фотоесебімен берілді.

2022 жылдың 08 желтоқсан күні "Жапырағын жайған бәйтерек" тақырыбында әкелермен бірлескен семинар өткізілді. Семинарға мектеп оқушыларының әкелері белсене қатысты.

2022 жылдың желтоқсан айында 5-11 сыныптар арасында Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында "Біз сыбайлас жемқорлыққа - қоғамдық мүдделерді сатқындауға қарсымыз" тақырыбында 5-11 сынып оқушылары қабырға газеттерін шығарып, жемқорлыққа қарсы екендерін суреттер арқылы баяндады.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік тірегім - Қазақстан жүрегім" тақырыбында мерекелік концерт өткізілді.

2022 жылды қорытындылау мақсатында 1-11 сынып аралығында сынып жетекшілер сыныптарымен тәрбие бағытында жасаған жұмыстары туралы қорытынды есебін берді.

27-29 желтоқсан аралығында 1-11 сынып оқушыларына «Қош келдің жаңа жыл» тақырыбында ертеңгілік және жаңа жылдық кеш өткізілді. Оқушылар қызығушылықпен қатысты.

12-13 қаңтар күндері мектеп инспекторлары М.Қуанышева және А.Салиховамен бірлесе, 5-8 сынып оқушыларына "Заңды білу - баршаға міндет" тақырыбында, 9-11 сынып оқушыларына "Заң бәрімізге ортақ" тақырыбында түсіндірме профилактикалық жұмыстар жүргізіле отырып,

1. Мектептің ішкі тәртібі;

2. Қысқы қауіпсіздік ережелері;

3. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша заңдылықтары түсіндірілді.

18 қаңтар күні Жалпы білім беретін №28 орта мектеп оқушылары арасында Атырау қаласы полиция басқармасы ЖПҚБ ЮПБ учаскелік полиция инспекторы полиция майоры А.Салихова «Қауіпсіз мектеп» жедел профилактикалық іс-шарасы негізінде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың алдын-алу мақсатында «Нашақорлықтың, маскүнемдіктің және шылым шегудің алдын алу» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстарын өткізді.

18 қаңтар күні "Мамандықты таңдау-өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау" тақырыбында "Өзін-өзі басқару ұйымының" ұйымдастыруымен, 9-11 сынып оқушылары мектеп бітіруші түлектермен кездесті.

24 қаңтар күні 5-7 сынып қыз балалары арасында халқымыздың қолөнері, көркем тігістері туралы ұғымды қалыптастыру, салт-дәстүрді құрметтеп, әсемдікке, эстетикалық талғамға тәрбиелеу мақсатында «Шеберді шілтерінен танысың» тақырыбында қолөнер сайысы өткізілді.

2023 жылдың қаңтар айында "Жеті қайырымды іс" акциясы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды үлкенді сыйлау, қамқорлық көрсету, риясыз мейірімді болуға үйрету.

9 ақпан күні 7-8 сынып қыз балаларына зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында Атырау ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ аға УПИ полиция майоры К.Жаркынбекова мен Полиция капитаны А.Орнабиденова "Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі" тақырыбында профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

10 ақпан күні өзін-өзі басқару ұйымы, мектеп парламенті фракцияларының ұйымдастыруымен, 5-8 сынып оқушылары арасында «Жігіт сұлтаны-2023» байқауы өткізілді. Мақсаты: ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру, әр баланың бойындағы қабілеттерін, ойлау, әртүрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.

1 наурыз "Алғыс айту" күніне орай өзін-өзі басқару ұйымы, Мектеп парламенті, "Шапағат" еріктілер ұйымының ұйымдастыруымен жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, адамгершілік, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында 22 ақпан күні "Қарттарын қадірлеген ел ардақты" тақырыбында мерекелік іс-шара өткізді. 1 наурыз "Алғыс айту" күні Атырау қаласының тұрғындарымен сұхбат жүргізсе "Шапағат" еріктілер қаламыздың тазалығына үлкен үлесін қосып жүрген жандарға Алғыс айтып ризашылық білдірді.

24 ақпан айында 5-11 сынып оқушылары "Есірткісіз жарқын өмір. Біздің ортада есіптікке жол жоқ!" тақырыбында қабырға газеттерін шығарды.

Мектеп парламенті, өзін-өзі басқару ұйымы 8 наурыз - Халықаралық аналар мерекесімен құттықтай отырып, мектеп ұстаздары мен қыздары, аналарға арнап мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

14 наурыз 2023 жылы Атырау облыстық балалар кітапханасының өнер секторының қызметкерлері «Бір жасың құтты болсын» атты 14 наурыз – Көрісу күніне орай мерекелік шара ұйымдастырды. Шара барысында Жалпы білім беретін №28 орта мектептің оқушылары көрініс қойып, мерекелік ән-шашуларын арнап, мың бұрала билеп өз өнерлерін барша көрерменге паш етті.

1-11 сынып оқушылары, 22 наурыз - "Ұлыстың ұлы күні" мерекесіне орай қазақ халқының салт-дәстүрін көрсетіп, концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

Облыс аумағында отбасында тәрбиеленуші балалардың құқықтарын бұзу фактілерін анықтау және ескерту, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында 27-30 наурыз күндері аралығында «Жанұя және бала» жедел алдын алу іс-шарасы өткізілуде. Осы орайда ювеналды полиция бөлімшесінің қызметкерлері қала аумағында орналасқан мектептерде ата-аналарға және оқушылар арасында жиналыс өткізіп, сауалнама жүргізді.

1 сәуір күніне орай мектебіміздің оқушылары Көңілді Тапқырлар Алаңында өздерінің актерлік шеберліктерін сынады.

2-сәуір Халықаралық кітаптар күніне орай 1-4-сыныптар арасында «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында театрланған қойылым қойылса, 6-7-8-сынып оқушылары арасында Интеллектуалды ойын ойнатылды.

4 сәуір күні «Менің атаулы ағашым» «Жасыл ел» акциясы негізінде мектеп ауласына ағаш көшеттерін егуге және көгалдандыру жұмыстарына дайындық барысы жүргізілді.

Мектеп психологымен бірлесіп Оқушылар арасында кездесетін буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, оқушыларды «буллинг» және «кибербуллинг» ұғымымен таныстыру мақсатында «Буллинг пен кибербуллингтің себептері және оның алдын алу» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, тазалық, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, шымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы бойларына рухани адамгершілік, ұлттық құндылықтарды дамыту мақсатында «Ұлттық құндылығының ұйытқысы-тәрбиелі қыз» тақырыбында мектеп қыз балаларына жиналыс өткізілді.

9 сәуір күні мектеп оқушылары және ата-аналарымен бірлесіп ағаш отырғызу жұмысы ұйымдастырылды.

15 сәуір Халықаралық отбасы күніне орай өткізілген сынып сағаттары және Мектеп Парламенттерінің ұйымдастыруымен векториналық сұрақтар өткізілді.

23 сәуір күні АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ СЕНІМЕН БОЛАШАҚ Ата-аналарды қолдау қоғамдық бірлестігімен бірлесіп ата-аналар мен оқушыларға мамандықтар туралы түсіндіріп, тренинг өткізді, түрлі сұрақтар қойылды.

26 сәуір күні мектепшілік жол қозғалысының жас инспекторлар клубы «Жол қозғалысының жас инспекторы» атты қалалық слеттіне қатысып алғыс хатпен марапатталды.

Мектебімізде 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай «Ынтымағы жарасқан-Қазақстан» атты мерекелік шара өтті.

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр-Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай «Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында мерекелік шара өткізілді.

Оқушылар бойына экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған «мұғалім – білім алушы – ата-ана» үштігінің қарым-қатынасын нығайтуда «Жасыл мекен» челленджи ұйымдастырылып, өткізілді.

16 мамыр күні жазғы қауіпсіздік, өрт және су қауіпсіздігін түсіндіру мақсатында АТырау қаласы ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты Аманғалиев Әлібек Ғалымжанұлы және АТырау қаласы ТЖБ инженері азаматтық қорғау лейтенанты Хайров Махмуд Махамбетұлы қатуысымен оқушыларға түсіндірме жұмыстардың негізінде дәріс сабақтары өткізілді.

2022-2023 оқу жылын қорытындылау және жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу мақсатында мектебіміздің барлық 1-11 сыныбында сынып сағаттары өткізілді. Мектебіміздің директоры Г. Т.Менешова және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. К.Габдуллина, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары С. Т.Дильмуханова оқушыларды құттықтап, мақтау қағаздарын табыстады. Талантты, дарынды оқушыларды дипломдармен марапаттап, алғыс білдірді және 1маусым күні балаларды қорғау күнінімен орайластырып салтанатты іс - шара негізінде өткізілді.

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар бойынша SWOT талдау.

S- күшті жағы:

- Жоспарға сай шаралардың басым бөлігі жүзеге асты;
- Ата-аналармен байланыс жақсы жүзеге асты;
- Аналар, әкелер мектебінің жұмыстары жүзеге асты;
- Мектептегі іс-шараларға денсаулық сақтау, құқық қорғау, төтенше жағдайлар бөлімі, теолог маманмен байланыс орната отырып, біріккен іс-шаралар атқарылды;
- Спорт, өнер саласы бойынша қосымша үйірмелерге қатысатын оқушыларымыз аудандық, облыстық, Республикалы байқаулардың жеңімпазы атанды;
- Мамандардың өз ісіне берілгенгиді, кәсіби біліктілігі;
- Оқушылардың тәртіптілігі;
- Оқушылардың зиянды заттарға әуес болмауы;

W- әлсіз жағы

- Мектепшілік үйірмелердің аздығы;
- Мектепшілік үйірме жұмыстарының нәтижелілігінің төмендігі;
- Кейбір жоғары сынып жетекшілерінің сынып жетекшілік қызметке салғырт қарауы;

O – мүмкіндік

- Аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға мүмкіндігінше көбірек қатыса алуы;
- Кәсіби бағдар беру бойынша маман тағайындалуы, кәсіби бағдар бойынша жұмыстарды тереңдету;
- Қосымша білім беру ұйымдарымен, қоғамдық ұйымдармен байланыс орнатып, ынтымақтастықта жұмыстану;

T – қауіп қатер

- Уақытты тиімді пайдаланбау;
- Жекелеген мұғалімдердің жұмысытарына жауапкершілігінің төмендігі;
- Оқушылардың бос уақытында желілік ойындарға әуес болып, түрлі тәрбиелік шараларға қатысуға құлшыныстың төмендігі.

II БӨЛІМ

Білім беру мекемесінің бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметін ұйымдастыру.

| Жұмыстың негізгі бағтары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---------------------------------------|------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Білім беру мекемесінің бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметін ұйымдастыру | Жалпыға міндетті білім беру және «Қамқоршылық» айлығы, «Мектепке жол» акцияларын өткізу | Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педогог | Жыл бойы |
| | Оқушылардың жаз бойғы қозғалысын талдау | МДОІЖО | Тамыз, қыркүйек |
| | Сабақ кестесін жасау, күнтізбелік жоспарларын тексеру | МДОІЖО | 29-31 тамыз |
| | Мектеп бітіруші түлектердің орналасуын талдау, орналаспағандарына жұмыс іздеп, көмек көрсету. | Мектеп директорының орынбасары | 3 қыркүйек |
| | Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету | Кітапханашы | 31 тамызға дейін |
| | Тұрмысы төмен отбасы мен мектепшілік есепте тұрған оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын зерттеу | Әлеуметтік педогог | Тоқсанына 1рет |
| | Ыстық тамақ ұйымдастыру | Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педогог | 1 қыркүйек |
| | Үйден оқытылатын мүгедек балаларға мұғалімдер бөлу, сабақ кестесін бекіту, күнтізбелік жоспарларын бекіту | Оқу ісі жөніндегі орынбасары | 31 тамызға дейін |
| | Оқу жасындағы балалардың мектептен қол үзуіне жол бермеу | Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педогог | Үнемі |
| | Техникалық қауіпсіздік ережелерімен жұмыс. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты мектептердің оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі | МДОІЖО | Қыркүйек |

| | | | |
|--|--|---|----------------------------|
| | форматтарына дайындығын қамтамасыз ету | | |
| | Оқушылардың сабаққа қатысуын талдау | ОТЖ орынбасарлар, әлеуметтік педагог | Ауысым бойынша, жыл бойына |

III БӨЛІМ

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ СТАНДАРТЫН ОРЫНДАУ

| Жұмыстың негізгі бағтары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|--------------------------|--|-------------------------------------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Оқытуды ұйымдастыру | ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы негізіндегі мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандартының талаптарын орындау. | Оқу ісінің меңгерушісі | Тамыз |
| | 2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің нұсқау хатына сәйкес оқу жылына оқу жоспары мен тақырыптық жоспарлар жасауды ұйымдастыру | Әкімшілік | Тамыз |
| | Оқушылардың білімінің білім стандартына сай болуын, сарамандық, зертханалық жазба жұмыстарының нормасының толық орындалуын, БЖБ және ТЖБ жұмыстарының кестеге сәйкес жүргізілуін жүзеге асыру | Оқу ісінің меңгерушісі | Жыл бойы кестеге сәйкес |
| | Жаңа педагогикалық-инновациялық технологияларды пайдалануды іске асыру | Оқу ісінің меңгерушісі | Үнемі |
| | Дарынды балалармен және біліміндегі кеткен олқылықтарды толтыру мақсатында үлгерімі төмен оқушылармен арнайы жұмыс жоспарлар ұйымдастыру | Әкімшілік Оқу ісінің меңгерушісі | Қыркүйек |

| | | | |
|--|--|--|--------------|
| | Оқытудың сапасына арнайы мектепшілік бақылауды күшейту, әр мұғалімнің жұмысына диагностикалық талдау жасау | Оқу ісінің меңгерушісі | Қыркүйек |
| | Мектеп командасының жұмысын мектеп проблемасына сәйкес үйлестіріп құру жұмысын жоспарлауды ұйымдастыру | Оқу ісінің меңгерушісі | Ай сайын |
| | Тоқсанына бір рет оқушылардың білім деңгейін стандарт талаптарына сәйкес болуын тексеру, олқылықтарды түзету шараларын жүргізу | Оқушылардың ғылыми қоғамы мен дарынды балалармен жұмыс | Жыл бойы |
| | Дарынды балалармен жұмыс істеудің жоспарын жасап, дамыту жұмыстарын жүргізу | Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| | Дарынды балаларды баспасөзде жарияланған сырттай конкурстарға, мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатыстырып отыру | Сынып жетекшілері | Тоқсан сайын |
| | Сыныпта дарынды балаларды саралап оқытуды жүзеге асыру | Оқу ісінің меңгерушісі | Үнемі |
| | Сыныпта арнайы бағдарламамен оқитын балаларды саралап оқытуды жүзеге асыру | Оқу ісінің меңгерушісі | Үнемі |
| | Дарынды балалардың және арнайы бағдарламамен оқитын балалардың ата-аналарымен байланыс жасап, педагогикалық кеңес беру | Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, психолог | Үнемі |
| | Оқуда кеткен олқылықтарды анықтау, олқылықтарды жою бағытында жұмыс жүргізу. Үлгерімі төмен оқушыларға тәлімгер оқушылар бөлу, олармен жұмыс жүргізу | Пән мұғалімдері | Үнемі |

IV БӨЛІМ

**Білім беру процесін жақсартуға бағытталған педұжымның қызметі;
Педагог кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС, БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ, АТТЕСТАТТАУ

ҒЫЛЫМИ –ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

- 1.Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс.
2. Педагогикалық кадрларды аттестаттау.
- 3.Әдістемелік кеңестің жоспары.
- 4.Аттестаттау комиссиясының жоспары
- 5.Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру
- 6.Дарынды оқушылармен жұмыс
7. Байқаулар
- 8.Озық іс-тәжірибелерді тарату
9. «Жас маман» мектебінің жас мамандармен өткізілетін жұмыстар (отырыстар)
10. Тәлімгердің жас маманмен қызметін жоспарлау бойынша іс-шаралар
11. Қабілеті жоғары оқушылармен жұмыс
12. Білімде кеткен олқылықтарды жою бағытындағы жұмыс жоспары.
13. ББЖМ, ҰБТ, мемлекеттік емтихандарына дайындық
14. PISA, TIMSS- Халықаралық зерттеу жұмыстарына дайындық бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары
15. Мамандыққа бағыттау жұмысы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- 1.Сабақты зерттеу (Lesson Study) бірлескен зерттеу тобының жұмыс жоспары

Мақсаты: Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық біліктілігін көтеру. Педагогикалық ұжымның шығармашылық потенциалын дамыту.

Міндеттері:

- цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында ақпараттық технологияларды, Kundelik.kz. порталында, Bilimland (imekter, itest) сайтының мүмкіндігін пайдалану;
- білім стандартының орындалуын қадағалау;
- авторлық бағдарламалар, ғылыми жұмыстармен айналысуға жағдай жасау;
- оқытудың ақпараттық әдістерін сабақта тиімді пайдалану; Сабақтардың барлық түрлерінің өту тиімділігін, әдістемесін жетілдіру.
- жас мамандар мен тәлімгерлік жұмысты жандандыру;
- PISA, TIMSS, МОДО -халықаралық зерттеу жұмыстарына дайындық жүргізу, жаратылыстану пәндерінің оқытылуын жетілдіру;
- оқытудың әдіс - формаларын жетілдіру, тиімді жолдарын іздестіру;
- мұғалімдерге білім беру мен тәрбиелеудің ұстанымдары мен әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыруға көмектесу;

- ұстаздарды шығармашылық педагогикалық ізденушілікке тарту; шығармашылық топтардың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегі жұмыс бағыттарын бекіту, мұғалімдердің ғылыми- әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту.
- озық педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру, зерттеу және қорыту, үздік жетістіктерді насихаттау;
- аттестаттау-диагностикалық міндеттерді жүзеге асыру; мектептің инновациялық жоба жұмысын қолға алу
- педагог кадрлардың біліктілігін арттыру

Жұмыс нысандары: командалық жұмыс

Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі нысандары:

ұжымдық: пәндік, циклдық, тақырыптық әдістемелік бірлестіктер, конференциялар, семинарлар, педагогикалық оқулар, шығармашылық кездесулер, шығармашылық зертханалар;

топтық: педагогикалық қызмет бағыттары бойынша шығармашылық топтар;

жеке: тәлімгерлік, тағылымдама, өз бетімен білім алу.

Әдістемелік қызметтің функциялары мыналар: талдамалы, сараптамалық, ақпараттық, бағдарламалық-әдістемелік, ұйымдастырушылық-үйлестірушілік, консалтингтік (кеңес беру), инновациялық педагогикалық тәжірибені айқындаушы және таратушы.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың білім сапасын көтеру;
- Жаңа формат сабақтарды енгізуге біртіндеп көшу;
- Мұғалімдердің көшбасшылық қабілеттерін арттыру;
- Шығармашылықпен жұмыстанатын мұғалімдердің мәртебесін көтеру.

| Жұмыстың негізгі бағытары | Іс-шаралар | Жауаптылары | Орындау мерзімі |
|--|---|-------------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Ғылыми –әдістемелік қамтамасыз ету, ұйымдастыру | Білім беру стандарты, күнтізбелік жоспарды жасауға қолданылатын бірыңғай талаптар, әдістемелік нұсқау хатпен, мектеп құжаттарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен танысу, талдау | МДОІЖО | Тамыз |
| | Педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамы базасы жаңарту. | МДОІЖО | Тамыз |

| | | | |
|--|---|------------------------------|-----------|
| <p>Мақсаты: Мектептің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырып, ғылыми жұмыстарға басшылық жасау.</p> | 2022-2023 оқу жылындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысына талдау. | МДОҒЖО | Қыркүйек |
| | 2023-2024 оқу жылындағы міндеттер, негізгі бағыттар, ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту. | МДОҒЖО | Қыркүйек |
| | Мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарларын, таңдау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламаларын бекіту | МДОҒЖО | Қыркүйек |
| | Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуін қадағалау. | МДОҒЖО Кітапхана меңгерушісі | Қыркүйек |
| | Пәндік олимпиадаға қатысатын оқушыларды анықтау. Олимпиада резервтерінің құрамын бекіту. Олимпиада қатысушылар тобын құру. | МДОҒЖО | Қыркүйек |
| | Мұғалімдердің аттестацияға дайындығы | МДОҒЖО | Қыркүйек |
| | Күнделік.кз жүйесінің жұмысы, толтырылуы. Есебін жүргізу. | МДОҒЖО | Қазан |
| | Пән кабинеттерінің оқушылардың білімін арттырудағы рөлін анықтау, талапқа сай жабдықталуы. | МДОҒЖО | Қараша |
| | I жарты жылдыққа жоспарланған байқауларды талапқа сай өткізу. | МДОҒЖО | Қараша |
| | Мұғалімдердің ұзақ мерзімді жоспарларының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі, қысқа мерзімді жоспарлардың талапқа сай жүргізілуі | МДОҒЖО | Желтоқсан |
| | Командаларға енгізілген инновациялық жобалар бойынша атқарылған жұмыстар есебі. | МДОҒЖО | Желтоқсан |
| | II ж.ж. бақылау, тәжірибе жұмысы, тест, тексеру жұмыстарын өткізу кестесін талдау. | МДОҒЖО | Қаңтар |
| | Пән кабинеттерін жұмыс жоспарларына сай жабдықтаудың жүргізілуін тексеру. | МДОҒЖО | Ақпан |
| | Мектеп командасы жұмысының қорытындысы | МДОҒЖО | Наурыз |
| | Мемлекеттік қорытынды аттестатуға материалдарын дайындауға нұсқаулық. | МДОҒЖО | Сәуір |
| | Емтиханға дайындық жұмыстарын жүргізу. | МДОҒЖО Пән мұғалімдері | Мамыр |
| | Әдістемелік орталығының 2024-2025 оқу жылында алдына қойған мақсаты. 2023-2024 оқу жылында істелген жұмыстардың есебі. Мониторинг. Рейтинг. | МДОҒЖО | Мамыр |
| <p>2. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, курстық даярлауды жоспарлау, өз бетінше білім алуын ұйымдастыру</p> <p>Мақсаты: Мектеп мұғалімдерінің оқу</p> | <p>I. Мұғалімдерге әдістемелік және практикалық көмек беруге бағытталған зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, өткізу Мектеп мұғалімдері туралы мәліметтер базасын жаңарту. Әрбір командалардың 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту.</p> <p>II. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеруге бағытталған жұмыстар</p> | МДОҒЖО | Қыркүйек |
| | МДОҒЖО | Қыркүйек | |

| | | | |
|---|--|---------------------------|-----------------|
| үрдісінде жаңа технологияларды оқып-үйреніп бүгінгі күн талабына сай қолдана білу, шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасау. | Әкімшіліктің және мұғалімдердің мерзімді курстарға қатысуын ұйымдастыру жоспарын құру, орындау. Перспективалық жоспар дайындау, толықтыру. | | |
| | Пәндік, саяси-ақпараттық газет-журналдарға жазылуды ұйымдастыру. | МДОІЖО Кітапханашы | Қыркүйек |
| | Мұғалімдердің кәсіби өсуі, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмысы, АКТ құзіреттілігін арттыру. Жобалар дайындау. | Пән мұғалімдері | Қыркүйек |
| | Халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми практикалық конференциялар, ғылыми - әдістемелік семинарларға, тақырыптық кеңестерге, жаңашыл мұғалімдердің сабақтарына қатысуын қадағалау. | МДОІЖО Пән мұғалімдері | Сұраныс бойынша |
| | Пән мұғалімдерін пәндік олимпиадаларға қатыстыру. | МДОІЖО Пән мұғалімдері | Сұраныс бойынша |
| | <ul style="list-style-type: none"> • шығармашылық ізденіс тақырыбында жұмыс; • өзара сабаққа қатысуды қадағалау; • дарынды балалармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру. • Олимпиада резервтері тобын құру • Ғылыми жобаларға қатысушылар тобын құру | МДОІЖО Пән мұғалімдері | Жыл бойына |
| МЕКТЕПШІЛІК МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ҮШІН ОЗДЫРЫЛАТЫН САЙЫСТАР, ЖОБАЛАР, БАЙҚАУЛАР. | «Жас маманға бір күн» шығармашылық күн | Тәлімгерлер | Желтоқсан |
| | «Үздік ұстаз методикасы» жобасы | Пән мұғалімдері | Ақпан |
| | «Ерекше педагогикалық ұсыныс» байқауы | Пән мұғалімдері | Наурыз |
| | «Зерттеушілер» шығармашылық күн | Зерттеуші педагогтер | Сәуір |
| | Педагогикалық оқулар (Мұғалімдер рейтингісін шығару, марапаттауға ұсыну) | МДОІЖО | Мамыр |
| Тренингтер мен оқыту семинарларын өткізу | Оқыту семинары: «Мектеп құжаттарын жүргізу» | МДОІЖО | Тамыз |
| | Семинар-практикум: "Тәлімгерден тәлім" | МДОІЖО | Қазан |
| | Коучинг: «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту»; | Пән мұғалімдері | |
| | Семинар-практикум: «Көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасау» | П.Байғазиева | Қараша |
| | 2. «Қазақ тілі» пәнін оқытуда қолданылатын білім беру | | |

| | | | |
|--|---|---|-------------|
| | технологиялары, олардың ерекшелігі. | | |
| | Оқыту семинары: 1. «Математикалық есептердің ауызша және жазбаша шешу тәсілдері» | Ж.Сұлтанғалиева | Қараша |
| | Семинар-практикум: «Тілдік пәндер сабақтарында коммуникативтік тәсіл шеңберінде функционалдық сауаттылықты дамыту» | Пән мұғалімдері А.Сапарғали А.Уликпанова | Қаңтар |
| | Семинар: «Бастауыш мектеп-негізгі мектеп» деңгейіндегі сабақтастық. | Пән мұғалімдері Ж.Саналиева А.Құбайденова | Ақпан |
| | «Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жүйесі» Дөңгелек үстел | МДОІЖО ӘБ жетекшілері | Наурыз |
| 3.Педагогикалық шеберлікті арттыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстары Мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің инновациялық әрекеттерін насихаттай отырып, білім сапасын арттыру және жұмыс мазмұнын жаңаша бағытта қалыптастыру. | Тіл апталығын өткізу. «Тіл – татулық белгісі» | ӘБ жетекшілері | Қыркүйек |
| | «Тілашар» ӘБ онкүндігі | ӘБ жетекшілері | 02-12.10.23 |
| | «Бастау» ӘБ онкүндігі | ӘБ жетекшілері | 04-14.12.23 |
| | Мұғалімдердің түрлі байқауларға, ғылыми конференцияларға қатысу көрсеткіші, баспасөзде жарияланымдары қорытындылау, насихаттау Рейтинг.Педоқу. | МДОІЖО ӘБ жетекшілері | Мамыр |

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЖАҢАРТУДА ПЕДАГОГ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|

| | | | |
|-----------------------------|---|----------------------------------|---------------------------|
| Ұйымдастырушылық | Педагогикалық шеберхана жұмысын ұйымдастыру | ОІЖО | Қыркүйектің 2-ші аптасы |
| | Мұғалімдердің біліктілігін көтеру курстарынан өткізу кестесін жасау | ОІЖО,ТЖҰО орынбасарлар | Қыркүйектің 2-ші аптасы |
| | Әдістемелік семинарлар жоспарын жасау, бекіту | ОІЖО, ТЖҰО орынбасарлар | Тамыз |
| Талдау | Командалық жұмыс жоспарын бекіту | ОІЖО | Тамыз |
| Ұйымдық | Мұғалімдердің аудандық, облыстық, республикалық семинарлар, вебинарларға, пед.оқуларға қатысуын қамтамасыз ету | ОІЖО, ТЖҰО орынбасарлар | Жыл бойы |
| | Жаңа технологияларды тәжірибеге енгізіп, оларды бейімдеу туралы ақпараттар беру (Лессон стадии және т.б.) | ОІЖО, ТЖҰО орынбасарлар | Жыл ағымында |
| Құжаттармен жұмыс, талдау | Оқу жоспарын құру | Мектеп директоры, ОІЖО, | Тамыздың соңғы аптасы |
| Құжаттармен жұмыс, талдау | Тарификация, тарификацияның түсініктемесі, статистикалық есептілік, сабақ кестесі, қосымша сабақтар кестесі, күнделік.кз-ке сабақ кестесін салу т.б. құжаттар даярлау | ОІЖО орынбасары | Қыркүйектің 1-2-ші аптасы |
| Талдау | Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту | ОІМ | Тамыздың соңғы аптасы |
| Сараптау | Мектептік компонент бойынша жұмыстар жүргізу | ОІМ | Қыркүйектің 1-ші аптасы |
| | Тәлімгер жұмысын ұйымдастыру | Пән мұғалімдері | Қыркүйектің 1-ші аптасы |
| Баяндау, картотекалық жұмыс | Кітапханадағы оқу-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау | Кітапханашы | 2 айда бір рет |
| Сараптау | Оқушылар мен педагогтардың ғылыми жұмыстарының жинағын шығару | Әдістемелік жөніндегі орынбасары | Токсанына 1 рет |

| | | | |
|--------------|---|----------------------------------|----------|
| Консультация | Оқушылар мен педагогтардың ғылыми конференцияларға қатысуына дайындық | Әдістемелік жөніндегі орынбасары | Жыл бойы |
|--------------|---|----------------------------------|----------|

МҰҒАЛІМДЕРДІ АТТЕСТАЦИЯДАН, ҚАЙТА АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТКІЗУ

| <i>Негізгі жұмыс бағыттары</i> | <i>Іс -шаралар</i> | <i>Жауаптылар</i> | <i>Орындау мерзімдері</i> |
|---|---|----------------------------------|---------------------------|
| <i>Педагог кадрларды аттестациядан өткізу</i> | Аттестациядан өтетін біліктілік санатын көтеруге өтініш берген мұғалімдерге бұйрық шығару | Мектеп директоры | Қыркүйек Қаңтар |
| | Аттестациядан өтетін ұстаздардың жұмыс жоспарын жасақтау және бекіту | МДОІЖО | 15-іне дейін |
| | Аттестацияланатын мұғалімдердің білімдерін жетілдіру, көтеру, ұйымдастыру | МДОІЖО | Уақытына қарай |
| | Мұғалімдерді аттестациялау ережесімен, сарапшылар құрамымен таныстыру | МДОІЖМ | Уақытына қарай |
| | Аттестацияланатын мұғалімдердің сабағына қатысу, талдау, өзін -өзі талдауын бақылау | Сарапшылар | Бекітілген кестеге сай |
| | Аттестацияланатын мұғалімдердің ашық сабақтары мен тәрбие сағаттарының кестесін жасау | МДОІЖО | Бекітілген кестеге сәйкес |
| | Аттестацияланатын мұғалімдердің шығармашылық есеп беруі | Әдістемелік жөніндегі орынбасары | Қараша, наурыз |
| | Аттестацияланатын мұғалімдердің аттестациялық папкасын даярлау | Комиссия хатшысы | Қараша, сәуір |
| | Аттестацияланатын мұғалімдердің мінездемесімен таныстыру | Комиссия хатшысы | Қараша, сәуір |
| | Аттестациялық комиссияның отырысы | Комиссия хатшысы | Қараша, сәуір |

**Тәлімгерлік бойынша жүргізетін жұмыс
ЖОСПАРЫ**

Тәлімгерлік етудің мақсаты: Тәлім алушымен тәлімгерлік жұмыс жүргізу арқылы сабақ беру үдерісіне өзгерістер енгізу. Тәлім алушының өз мүмкіндіктерін пайдалануға ықпал ету, кәсіби әңгіме жүргізу арқылы алдында кездесетін кедергілерді жеңуге көмектесу, өзіне деген сенімін арттыру негізінде тәлімгер болуына белсенді түрде дайындау.

Күтілетін нәтиже: Тәлім алушы сындарлы оқытудың әдіс-тәсілдерімен танысады;
Тәлім алушы оқу үдерісін дамытуға, жақсартуға үйренеді, қолданады

| <i>Негізгі жұмыс бағыттары</i> | <i>Іс - шаралар</i> | <i>Жауаптылар</i> | <i>Орындау мерзімдері</i> |
|---------------------------------------|--|-------------------|-------------------------------------|
| <i>Тәлім алушымен жұмыс бағыттары</i> | Тәлім алушымен бірлесе отырып, жұмыс жоспарын жасау. | Тәлімгер | Қыркүйек |
| | Кәсіби әңгіме жүргізу. | Тәлімгер | Үнемі |
| | Тәлім алушының зерттеу тақырыбын негіздеп, сынып пен сынып оқушыларына зерттеу жұмысын жүргізуге кеңес беру. | Тәлімгер | Қыркүйек |
| | Тәлім алушыны «Жас маманға бір күн» шығармашылық күн | Тәлімгер | Желтоқсан |
| | Оқу мақсаттары мен сабақ жоспарын талқылау және келісу. | Тәлімгер | Қыркүйек, қазан, Тоқсан сайын |
| | Тәлім алушының сабағына қатысу. | Тәлімгер | Қыркүйек, қазан, қажеттілікке қарай |
| | Тәлім алушының пәндік білім сапасын талқылау. | Тәлімгер | Тоқсан сайын |
| | Тәлімгерліктің нәтижесін талқылау. | Тәлімгер | Жыл соңында |

V БӨЛІМ.

2023-2024 оқу жылының «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» МАҚСАТЫ:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
